



Qazaqstan Respublikasy Zaınnama
jáne quqqytyq aqparat institútynyń

JARSHYSY

gylymi-quqqytyq jýrnal №1 (64)-2021

Құрылтайшы және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған баслымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) –
(төраға)
Абайдідинов Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Бельх В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қазбаева Ә.Ғ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Казиев З.Ғ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – LL.M (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қоңыс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазин Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Ғ. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қызығызстан)

Журнал редакциясы

Джамбуриш К.А.
Колгубаева Г.Б.
Тасирова А.С.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы күзлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай-батыр
даңғ., 19, Е-блогы, 306-каб. тел.: 8(7172) 26-61-29
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.Қ. СӘРПЕКОВ Заң жобалау қызметіндегі жариялылықты
қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасында норма
шығаруды жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер
қабылдау тұрғысынан ғылыми құқықтық сараптаманы жаңғырту
мәселелері 13

**Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, Б.Қ. НҰРҒАЗИНОВ,
А.А. КАРАЕВ** Заңнамалық және заңға тәуелді реттеудің
аражігін ажыратудың кейбір мәселелері..... 22

Р.С. МЕЛЬНИК Әкімшілік қалау: ұғымы, түрлері және
қолданылу заңдылығы шарттары 35

Н. СӘУЛЕН, Н. СӘУЛЕН, Р.Д. БЕРНАЗАРОВА
Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі әкімшілік
реформалар 47

Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ, Г.С. ДӘРІБАЕВ Рухани жаңғыру
аясында құқықтық мәдениетті арттырудағы құқықтық
тәрбие және білім берудің маңыздылығы..... 57

Ж.Ю. САЙЛИБАЕВА Мемлекеттік органдардың
әрекеттеріне, әрекетсіздігіне дау айту туралы істер
бойынша сот ісін жүргізу институты: қалыптасу кезеңдері..... 71

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.Ж. ҚИЯЗОВА Корпоративтік актілер кәсіпкерлік
және кәсіби қызметтің өзін-өзі реттеу құралы ретінде 80

С.А. АКИМБЕКОВА, Н.Р. МАКСАТОВ
Сот және прокуратураның өзара іс-қимылы: теория
және практика мәселелері 91

С.С. ҚАРЖАУБАЕВ Жалдау (жалға алу)
саласындағы тұрғын үй заңнамасын жетілдіру мәселесі..... 99

Б.О. АЛТЫНБАСОВ Құқықтық зерттеудің
эмпирикалық әдістерін пайдаланудың теориялық
негіздері: халықаралық тәжірибе 108

М.Х. ХАСЕНОВ, Р.О. БУКЕНОВ
Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және
спорт саласындағы еңбекті құқықтық реттеудегі
олқылықтар мен қайшылықтар 120

С.А. ЫНТЫМАҚОВ Қордың құқықтық жағдайына
қатысты кейбір құқықтық мәселелер 132

А.К. ҚАЛДЫБАЕВ Шарт еркіндігі принципі және
корпоративтік келісім 142

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

**В.И. МАЙОРОВ, П.В. ВОЛОШИН, С.В. ПОЛЯКОВА,
О.Н. ДУНАЕВА** Ресейдегі жол қозғалысына
қатысушылардың қауіпсіздігін тәуекелге бағытталған
тәсіл негізінде қамтамасыз ету 152

Д.А. ФИНК Адвокаттың қылмыстық-процестік ақпаратқа
қол жеткізу құқығын іске асырудың кейбір мәселелері 159

Б.Ж. ҚЫЗДАРБЕКОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Заңнамадағы «терроризм актісі» түсінігі және қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары.....	165
Е.А. ОМАРОВ, Ж. ҚҰМАРБЕКҚЫЗЫ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша мүлікті тәркілеудің құқықтық табиғаты	173
Ф.С. ЖАҚСЫБЕКОВА Экологиялық қылмыстылыққа қарсы күрес жүргізудегі қылмыстық саясат	184
Г.А. ҚУАНАЛИЕВА, Г.Н. РАХИМОВА, Р.А. АБДЫРАИМОВ Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісін анықтаудың кейбір мәселелері	191
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
Ж.О. ҚҰЛЖАБАЕВА, Д.Ө. САЛЫҚОВА Халықаралық қылмыстық сот төрелігі органдары: генезисі, халықаралық қылмыстық соттың пәндік юрисдикциясы, рим жарғысын ратификациялау мәселелері	200
Құқықтық мониторинг	
А.Қ. ҚАНАТОВ, К.Е. ИСМАҒҰЛОВ Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның Қазақстан Республикасы заңнамасы жүйесіндегі орны (құқықтық талдау)	213
М.И. ДЯЧУК Қазақстан Республикасында медиация институтын дамыту	219
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
Е.С. САФУАНИ Заңнамада терминдерді қолданудың кейбір проблемалары.....	233
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Мемлекеттік тілдегі лингвистикалық сараптама мәселелері	238
Жас ғалым мінбері	
А.М. НЕМЕРЕБАЕВА Мәслихаттар өкілді органдар ретінде және олардың азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығын жүзеге асырудағы рөлі	244
А.О. МАКРУШИН Қазақстан Республикасындағы заң консультанттарының қызметін реттеудегі кейбір мәселелер туралы	251
А. МУСАХАН Халықаралық әдет-ғұрып құқығы нормаларының Еуропалық Одақ құқығында қолданылуы	258
С.Т. ӘБИРБЕК Халықаралық құқықтағы танылмаған мемлекеттер құқығы	266
М.Е. САҒЫНАЕВ, А.Т. БАЙЗАКОВ Италияндық жазушы Пьеранжело Каталаноның еңбектеріндегі <i>ius fetiale</i> түсінігі	277
А.Ж. ҚАЛМАҒАМБЕТОВ, Г.Н. КҮЗЕМБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге заң сараптамасын құқықтық реттеудегі кемшіліктер және оның құқықтық салдары (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда №21716 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 114 қаулысы мысалында)	285
Д.М. СӘРСЕМБАЕВ Еуразиялық интеграция шеңберіндегі халықаралық-құқықтық валюталық реттеу (бірыңғай валюта туралы мәселеге қатысты).....	294
Р.Ж. ҚОЖАХМЕТОВА Кәмелетке толмағандардың суицидтерін алдын алудың құқықтық аспектілері және құқықтық жүйеге ұсыныстарды имплементациялау бойынша ұсынымдар	304
«Жаршының» архивтегі беттері	
Р.Н. ЮРЧЕНКО Алқабилер қатысатын қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің кейбір мәселелері туралы (ҚР ЗИ Жаршысы №4-2006 ж. – 79-97 бб.).....	313
С.С. ҚАРЖАУБАЕВ з.ғ.к. Р.Н. Юрченконың «Алқабилер қатысатын қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің кейбір мәселелері туралы» ғылыми жарияланымына қайта оралғанда	331
Есімнама	
Журналдың редколлегия мүшесі, заң ғылымдарының докторы Қ.Х. Рахимбердин – 50 жаста	336
М.Р. ГЕТА Ғалым, азамат, педагог, құқық қорғаушы (заң ғылымдарының докторы Қ.Х. Рахимбердиннің 50 жылдығына орай)	337
Библиография	
«Европейская система защиты прав человека: учебное пособие для бакалавриата и магистратуры / Абашидзе А.Х., Алисиевич Е.С. (под редакцией Абашидзе А.Х. – М.: Юрайт, 2017. – 140 с.)» атты кітапқа рецензия.....	341



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой
информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №1 (64)-2021

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета

Сарпеков Р.К. – Заслуженный деятель
Казахстана (Нур-Султан, Казахстан) –
(председатель)
Абайдильдинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Монсеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Узила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор

Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный деятель
культуры РК (Нур-Султан, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LL.M (Нур-Султан,
Казахстан)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан,
Казахстан)
Князова А.Ж. – LL.M (Нур-Султан,
Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменно-
горск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редакция журнала

Джамбуршин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Тасирова А.С.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок Е, каб. 306, тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции..... 9

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Вопросы обеспечения публичности
в законопроектной деятельности и модернизации научной
правовой экспертизы в свете принятия в Республике Казахстан
законодательных поправок по вопросам совершенствования
нормотворчества 13

**Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, Б.К. НУРГАЗИНОВ,
А.А. КАРАЕВ** Некоторые вопросы разграничения
законодательного и подзаконного регулирования 22

Р.С. МЕЛЬНИК Административное усмотрение:
понятие, виды и условия правомерности применения..... 35

Н. САУЛЕН, Н. САУЛЕН, Р.Д. БЕРНАЗАРОВА
Административные реформы в совершенствовании
системы государственного управления 47

Т.Б. ЖУМАГУЛОВ, Г.С. ДАРИБАЕВ Важность
правового воспитания и образования в повышении
правовой культуры в контексте модернизации
общественного сознания 57

Ж.Ю. САЙЛИБАЕВА Институт судебного
производства по делам об оспаривании действий,
бездействий государственных органов: этапы
становления 71

Гражданское и гражданско-процессуальное право

А.Ж. КИЯЗОВА Корпоративные акты как средство
саморегулирования предпринимательской и
профессиональной деятельности 80

С.А. АКИМБЕКОВА, Н.Р. МАКСАТОВ
Взаимодействие суда и прокуратуры: вопросы
теории и практики..... 91

С.С. КАРЖАУБАЕВ К вопросу совершенствования
жилищного законодательства в сфере аренды 99

Б.О. АЛТЫНБАСОВ Теоретические основы
использования эмпирических методов правового
исследования: международный опыт..... 108

М.Х. ХАСЕНОВ, Р.О. БУКЕНОВ Пробелы и
коллизии правового регулирования труда в сфере
физической культуры и спорта в Республике Казахстан..... 120

С.А. ЫНТЫМАКОВ Некоторые правовые вопросы,
касающиеся правового положения фонда 132

А.К. КАЛДЫБАЕВ Принцип свободы договора
и корпоративный договор..... 142

Уголовное право и уголовный процесс

**В.И. МАЙОРОВ, П.В. ВОЛОШИН, С.В. ПОЛЯКОВА,
О.Н. ДУНАЕВА** Обеспечение безопасности участников
дорожного движения в России на основе риск-
ориентированного подхода..... 152

Д.А. ФИНК Некоторые вопросы реализации права
адвоката на доступ к уголовно-процессуальной информации 159

Б.Ж. КЫЗДАРБЕКОВА, Е.Н. КАЛИАКПЕРОВА Понятие «акт терроризма» в законодательстве и условия освобождения от уголовной ответственности.....	165
Е.А. ОМАРОВ, Ж. КУМАРБЕККЫЗЫ Правовая природа конфискации имущества по уголовному законодательству Республики Казахстан	173
Ф.С. ЖАКСЫБЕКОВА Уголовная политика в борьбе с экологической преступностью.....	184
Г.А. КУАНАЛИЕВА, Г.Н. РАХИМОВА, Р.А. АБДЫРАИМОВ Некоторые вопросы определения субъекта уголовного правонарушения.....	191
Международное право и сравнительное правоведение	
Ж.О. КУЛЖАБАЕВА, Д.О. САЛЫКОВА Органы международного уголовного правосудия: генезис, предметная юрисдикция международного уголовного суда, проблемы ратификации римского статута.....	200
Правовой мониторинг	
А.К. КАНАТОВ, К.Е. ИСМАГУЛОВ Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан (правовой анализ)	213
М.И. ДЯЧУК Развитие института медиации в Республике Казахстан	219
Из практики законотворчества на государственном языке	
Е.С. САФУАНИ Некоторые проблемы использования терминов в законодательстве	233
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Проблемы лингвистической экспертизы на государственном языке	238
Трибуна молодого ученого	
А.М. НЕМЕРЕБАЕВА Маслихат как представительные органы и их роль в осуществлении прав граждан на участие в управлении делами государства	244
А.О. МАКРУШИН О некоторых вопросах регулирования деятельности юридических консультантов в Республике Казахстан	251
А. МУСАХАН Применение норм международного обычного права в праве Европейского Союза.....	258
С.Т. АБИРБЕК Право непризнанных государств в международном праве	266
М.Е. САГИНАЕВ, А.Т. БАЙЗАКОВ Понятие <i>ius fetiale</i> в трудах итальянского романиста Пьеранжелло Каталано	277
А.Ж. КАЛМАГАМБЕТОВ, Г.Н. КУЗЕМБАЕВА О недостатках правового регулирования юридической экспертизы нормативных правовых актов и их юридических последствиях (на примере Постановления Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка № 114 от 30 ноября 2020 года, зарегистрированного Министерством юстиции Республики Казахстан 2 декабря 2020 года № 21716).....	285
Д.М. САРСЕМБАЕВ Международно-правовое валютное регулирование в рамках евразийской интеграции (к вопросу о единой валюте)	294
Р.Ж. КОЖАХМЕТОВА Правовые аспекты предупреждения суицидов несовершеннолетних и рекомендации по имплементации предложений в правовую систему	304
Архивные страницы «Вестника»	
Р.Н. ЮРЧЕНКО О некоторых вопросах судопроизводства по уголовным делам с участием присяжных заседателей (статья в Вестнике ИЗ РК №4-2006 г. – С. 79-97)	313
С.С. КАРЖАУБАЕВ Возвращаясь к научной публикации к.ю.н. Р.Н. Юрченко «О некоторых вопросах судопроизводства по уголовным делам с участием присяжных заседателей»	331
Персоналии	
Члену редколлегии журнала, доктору юридических наук К.Х. Рахимбердину – 50 лет	336
М.Р. ГЕТА Ученый, гражданин, педагог, правозащитник (в честь 50-летнего юбилея доктора юридических наук К.Х. Рахимбердина)	337
Библиография	
Рецензия на книгу «Европейская система защиты прав человека: учебное пособие для бакалавриата и магистратуры / Абашидзе А.Х., Алисиевич Е.С.; под редакцией Абашидзе А.Х. – М.: Юрайт, 2017. – 140 с.»	341



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №1 (64)-2021

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №894 from 05.30.2013)

Editorial Council members
Sarpekov R.K. – *Honored Personality of Kazakhstan (Nur-Sultan, Kazakhstan) – (Chairman)*
Abaydeldinov E.M. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Abyzov R.M. – *d.j.s. (Barnaul, Russian)*
Belih V.S. – *d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)*
Gubin E.P. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Melnik R.S. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Moiseev A.A. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Muromcev G.I. – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
Rahmetov S.M. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Malinovski V.A. – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Unzila Shapak – *d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

Chief Editor
Dyussenov Ye.A. – *c.j.s.*

Editorial Board members
Azer Aliyev – *PhD (Kiel, Germany)*
Aiymbetov M.A. – *Honored Worker of Culture of Kazakhstan, (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Bainiyazova Z.S. – *c.j.s. (Saratov, Russian)*
Dzhangarashev R.M. – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kabayeva A.G. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kaziyeu Z.G. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kairbaeva L.K. – *PhD (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kiyazova A.Zh. – *LLM (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Konusova V.T. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Kulzhabayeva Zh.O. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Nurgazinov B. K. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Nurmagambetov R.G. – *PhD (Chelyabinsk, Russian)*
Primashev N.M. – *c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*
Rakhimberdin K.H. – *d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)*
Tegizbekova Zh.Ch. – *c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)*

The editorial staff
Dzhamburshin K.A.
Koltubayeva G.B.
Tassirova A.S.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media №17761-G from 25.06.2019 from the Information Committee of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005)

Address:
The Republic of Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Kabanbay-batyr ave., 19, block E, office 306, tel.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial	11
Constitutional and Administrative Law	
R.K. SARPEKOV Issues of ensuring publicity in legislative activity and modernization of scientific legal expertise in light of adoption of legislative amendments in the Republic of Kazakhstan on improving rule-making	13
L.T. ZHANUZAKOVA, B.K. NURGAZINOV, A.A. KARAYEV Certain questions of definition of legislative and sublegal regulation	22
R.S. MELNYK Administrative Discretion: Concept, Types and Conditions of Application Eligibility	35
N. SAULEN, N. SAULEN, R.D. BERNAZAROVA Administrative reforms in the improvement of the public administration system	47
T. ZHUMAGULOV, G. DARIBAYEV The importance of legal education and education in improving the legal culture in the context of modernization of public consciousness.....	57
ZH.Y. SAILIBAYEVA Institute of Judicial Proceedings in Cases of Challenging Actions, inaction of State Bodies: Stages of Formation	71
Civil and Civil Procedure Law	
A.J. KIYAZOVA Corporate acts as a means of self-regulation of business and professional activities	80
S.A. AKIMBEKOVA, N.R. MAXATOV Interaction of court and prosecutor's office: issues of theory and practice	91
S.S. KARZHAUBAYEV On the issue of the improvement of the housing legislation in the field of rent	99
B.O. ALTYNBASSOV The theoretical framework of using empirical legal research methods: international experience	108
M.K. KHASSENOV, R.O. BUKENOV The gaps and collisions in legal regulation of labor in the sphere of physical culture and sport in the Republic of Kazakhstan.....	120
S.A. YNTYMAKOV Certain legal issues concerning the legal status of the foundation	132
A. KALDYBAYEV The principle of freedom of contract and corporate contract.....	142
Criminal law and Criminal procedure	
V.I. MAYOROV, P.V. VOLOSHIN, S.V. POLYAKOVA, O.N. DUNAEVA Ensuring the safety of road users in russia based on a risk-based approach.....	152
D.A. FINK Certain issues on relation to the exercise of the right of counsel to access to criminal procedure information.....	159

B.ZH. KYZDARBEOVA, E.N. KALIAKPEROVA The concept of «act of terrorism» in the legislation and conditions for exemption from criminal liability.....	165
Y.A. OMAROV, ZH. KUMARBEEKYZY The legal nature of confiscation under the criminal law of the Republic of Kazakhstan.....	173
F.S. ZHAXYBEOVA Criminal policy in the fight against environmental crime.....	184
G.A. KUANALIYEVA, G.N. RAKHIMOVA, R.A. ABDYRAIMOV Certain issues of determining the subject of a criminal offense	191
International law and Comparative law	
ZH. KULZHABAYEVA, D. SALYKOVA International criminal justice bodies: genesis, subject jurisdiction of the international criminal court, problems of ratification of the rome statute	200
Legal monitoring	
A.K. KANATOV, K.E. ISMAGULOV Place of the declaration of state sovereignty in the system of legislation of the Republic of Kazakhstan (legal analysis)	213
M.I. DYACHUK Development of the mediation institute in the Republic of Kazakhstan	219
From the lawmaking practice in the official language	
E.S. SAFUANI Certain problems with the use of terms in legislation.....	233
L.S. TURGANBAYEVA Problems of linguistic examination in the state language.....	238
Young researchers' tribune	
A.M. NEMEREBAYEVA Maslikhat as representative bodies and their role in the exercise of the right of citizens to participate in the governance of state	244
A.O. MAKRUSHIN On some issues of regulation of the activity of legal consultants in the Republic of Kazakhstan	251
A. MUSSAKHAN Application of customary international law norms within European Union law.....	258
S. ABIRBEK The law of unrecognized states in international law	266
M.E. SAGINAYEV, A.T. BAIZAKOV The concept of ius fetiale in the works of the italian novelist Pierangelo Catalano	277
A.ZH. KALMAGAMBETOV, G.N. KUZEMBAYEVA On the fault of legal regulation of the legal expertise of normative legal acts and their legal consequences (On the example of the Board Decree of the Agency of the Republic of Kazakhstan for the Regulation and Development of the Financial Market No. 114 dated November 30, 2020, registered by the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on December 2, 2020 No. 21716)	285
D.M. SARSEMBAYEV International legal regulation of currency in the framework of eurasian integration (on the issue of the single currency).....	294
R. KOZHAKHMETOVA Legal aspects of preventing suicide of minors and recommendations for the implementation of proposals in the legal system	304
The archive pages of the «Bulletin»	
R.N. YURCHENKO On certain issues of jury trials in criminal cases (article in Bulletin of the IL RK No. 4-2006 - P. 79-97).....	313
S.S. KARZHAUBAYEV Returning to the scientific publication of, candidate of Law, R.N. Yurchenko, «On certain issues of trial by jury in criminal cases».	331
Personalities	
Member of the Editorial Board, Doctor of Law K.H. Rakhimberdin is 50 years old	336
M.R. GETA Scientist, citizen, educator, human rights activist (in honor of the 50th anniversary of Doctor of law K.Kh. Rakhimberdin)	337
Bibliography	
Review of the book «The European System of Human Rights Protection»: textbook for undergraduate and graduate studies / A.Kh. Abashidze, E.S. Alisievich; edited by A.Kh. Abashidze – M.: Юрайт, 2017. – 140 p. Review of the	341

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ

Фарида Сатбергенқызы Жақсыбекова

*М.С. Нәрікбаев атындағы «ҚазГЗУ Университеті»
Қылмыстық сот төрелігі департаментінің доценті, з.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қ.;
e-mail: zaksybekovafarida@gmail.com*

Түйін сөздер: қылмыстылық, экологиялық қылмыстылық, экологиялық криминология, экологиялық қылмыстылықтың себептері, қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл.

Аннотация. Бұл мақалада автор экологиялық қылмыстылықпен күрес саласында қылмыстық-құқықтық саясаттың алатын орнын зерттеген. Қазақстан Республикасының Конституциясының 31-бабында «Мемлекет адамның өмір сүру мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» деп бекітілген. Еліміздің экологиялық жағдайы, қоршаған ортаның ластануы проблемалары мемлекеттің дамуына оразан зор кедергі келтіретіні белгілі. Барлық елдерде сияқты біздің еліміздің де экономикасының дамуының бір бағыты ретінде қолайлы қоршаған ортаның болуын ескере келе, Қазақстан Республикасының Ата заңында адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау туралы мәселелерді заң жүзінде бекітілген.

Кеңес одағы құрамында болған кезеңде Қазақстан Республикасы көптеген жылдар бойы оның негізгі өнеркәсіп орталығы болғаны мәлім. Сол уақыттарда еліміздегі қоршаған ортаның, экологиялық жағдайдың нашар болуы кеңес одағындағы жоспарлы экономиканың тиімсіздігімен тікелей байланысты болып отыр деп айта аламыз.

Сол кездегі ірі мемлекеттердің ядролық зерттеулері мен ғарыш кеңістігін игеруге байланысты тәжірибелері экологиялық жағдайдың нашарлауын және табиғи ресурстарды аяусыздықпен пайдалануды бұрынғыдан да үдете түсті. Қазіргі таңда да көптеген табиғи ресурс объектілерінің арзан бағалануы, заманауи талаптарға сәйкес келмейтін құрылғылардың қолданылуы, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау туралы нормативтік құқықтық актілердің тиісті деңгейде орындалмауы және орындалуының толық бақыланбауы, өзге де көптеген жағдайлар судың, ауаның және топырақтың әрі қарай ластануына, өсімдіктер мен жануарлардың кейбір түрлерінің жойылуына алып келді. Бұл жағдайлардың барлығы еліміздің жалпы экологиялық жүйесіне кері әсерін тигізетіні анық.

Мақалада осы экологиялық қолайсыз жағдайлармен күрес жүргізу барысында жалпы мемлекеттік саясаттың бір бағыты ретінде қылмыстық саясаттың маңыздылығы көрсетілген.

УГОЛОВНАЯ ПОЛИТИКА В БОРЬБЕ С ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ПРЕСТУПНОСТЬЮ

Жаксыбекова Фарида Сатбергеновна

*Доцент Департамента Уголовного правосудия
Университета КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева, к.ю.н.,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан;
e-mail: zaksybekovafarida@gmail.com*

Ключевые слова: преступность; экологическая преступность; экологическая криминология; причины экологической преступности, противодействие преступности.

Аннотация. В данной статье автор исследовал место уголовно-правовой политики в области борьбы с экологической преступностью. В статье 31 Конституции Республики

Казахстан закреплено, что «государство ставит своей целью охрану окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека». Как известно, экологическое состояние страны, проблемы загрязнения окружающей среды оказывают огромное влияние на развитие государства. Учитывая наличие благоприятной окружающей среды, как и во всех странах, в качестве одного из направлений развития экономики нашей страны, в Законе Республики Казахстан законодательно закреплены вопросы об охране окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека.

Как известно, за период существования Советского Союза республика Казахстан на протяжении многих лет являлась его основным промышленным центром. Можно сказать, что в те времена плохая экологическая обстановка, экологическая обстановка в стране были напрямую связаны с неэффективностью плановой экономики в Советском Союзе.

Ядерные исследования и эксперименты крупных государств того времени, связанные с освоением космического пространства, как никогда ускорили ухудшение экологической обстановки и бесконфликтное использование природных ресурсов. Низкая оценка существующих и сегодня объектов природных ресурсов, применение устройств, не соответствующих современным требованиям, ненадлежащее исполнение и неполный контроль за исполнением нормативных правовых актов об обеспечении экологической безопасности, охране окружающей среды, многие другие условия привели к дальнейшему загрязнению воды, воздуха и почвы, уничтожению некоторых видов растений и животных. Очевидно, что все эти условия негативно влияют на общую экологическую систему нашей страны. В статье отражена значимость уголовной политики как одного из направлений общегосударственной политики в борьбе с этими экологически неблагоприятными условиями.

CRIMINAL POLICY IN THE FIGHT AGAINST ENVIRONMENTAL CRIME

Zhaxybekova Farida Satbergenovna

Associate Professor of the Department of Criminal Justice of the University of KAZGUU named after M. S. Narikbayev, Candidate of Law, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: zaksybekovafarida@gmail.com

Keywords: crime; environmental crime; environmental criminology; causes of environmental crime, combating crime.

Abstract. In this article, the author has investigated the place of criminal law policy in the field of combating environmental crime. Article 31 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan stipulates that "the State aims to protect the environment favorable for human life and health". As you know, the ecological state of the country, the problems of environmental pollution have a huge impact on the development of the state. Taking into account the presence of a favorable environment, as in all countries, as one of the directions of the development of the economy of our country, the Law of the Republic of Kazakhstan legislatively fixes the issues of environmental protection, favorable for human life and health.

As you know, during the existence of the Soviet Union, the Republic of Kazakhstan for many years was its main industrial center. We can say that at that time, the poor environmental situation in the country was directly related to the inefficiency of the planned economy in the Soviet Union.

Nuclear research and experiments of large states of that time, related to the development of outer space, accelerated the deterioration of the environmental situation and the conflict-free use of natural resources as never before. Low assessment of existing natural resources, the use of devices that do not meet modern requirements, improper execution and incomplete control over the implementation of regulatory legal acts on ensuring environmental safety, environmental protection, and many other conditions have led to further pollution of water, air and soil, and the destruction of some plant and animal species. It is obvious that all these conditions negatively affect the overall ecological system of our country. The article reflects the importance of criminal policy as one of the directions of national policy in the fight against these environmentally unfavorable conditions.

Kipicne. 2021 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы атап өтіледі. Осыған орай Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, әлеуметтік сала, білім, ғылым және басқа да бағыттар бойынша тың жобалар қолға алынатынын атап көрсетті. Тиісінше қылмыстылықпен күрес жүргізу барысындағы қылмыстық саясаттың жаңа бағыттары айқындалатыны анық.

Соңғы жылдары еліміздегі экологиялық жағдай өте күрделі. Халықтың өмір сүруі үшін қолайлы экологиялық жағдайдың болмауы экологиялық қылмыстарды анықтау мүмкіндігін төмендетеді. Бұл өз кезегінде, экологиялық қылмыстылықтың латенттілігінің жоғары екенін көрсетеді. Латенттілігі жоғары қылмыстылықтар қатарында экологиялық қылмыстылықтың да латенттілігі өте жоғары және статистикалық мәліметтер жасалған экологиялық қылмыстардың шынайы көрінісі берілмейтіні анық. Сонымен бірге, экологиялық қылмыстардың тек жасырын ғана емес, жасырылып жүрген түрлері де жеткілікті: қоршаған ортаны қорғау саласында ашылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қозғалатын қылмыстық істердің жалпы көрінісі табиғатты қорғау саласындағы құқық қорғау органдарына мәлім қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрінісіне сәйкес келмейді. Сондықтан экологиялық қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын, оған қарсы іс-қимыл шараларын терең зерттеу қажеттілігі туындайды.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу жолында қылмыстық саясаттың орны ерекше. Қазіргі кезеңде қылмыстық саясат мәселелерін ғылыми тұрғыдан дамыту одан әрі жандандыруды қажет етеді.

Қылмыстық саясатты қазіргі жағдайда қылмысқа қарсы күресті жандандыру үшін мемлекеттің қызметіне неғұрлым нақты түзетулер енгізудің оңтайлы жолдарын іздеуге бағдарлау тұрғысынан қарастыратын болсақ, біздің мемлекет жүргізіп отырған қылмыстық саясатты қайта қарастыруға байланысты проблемаларды әзірлеудің болашағы зор, сондай-ақ ғылыми және практикалық құндылығы жоғары. Өз кезегінде, қазіргі өмір шындықтары

қазіргі уақытта қылмыстың сандық және сапалық көрсеткіштерінде негізінен қылмыстың жаңа түрлерінің пайда болуымен, ұйымдасқан қылмыстың, оның ішінде трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың күшеюі мен кеңеюімен байланысты айтарлықтай өзгерістер болған объективті жағдайды ескеру қажеттілігін алға тартады. Мұның бәрі қылмыстық құқық пен криминология ғылымында тұтастай алғанда қылмыстық саясат мәселесін, сондай-ақ қылмыстың жекелеген топтары мен санаттарына қатысты қылмыстық саясатты дамыту жаңа тәсілдер мен шешімдерді іздеуді қажет етеді [1].

Қылмыстық саясат дегеніміз - қылмыстылыққа қарсы күрес шараларымен және оны тудыратын себептерді жоюдың рухани-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық құралдар мен әдістермен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттің саясаты.

Қылмыстық саясат мемлекеттің әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады, ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатымен байланысты. Мазмұндық жағынан қылмыстық саясат қылмыстылыққа қарсы және оны тудыратын себептерге күрес бағдарламасымен және оның алдын алудың әлеуметтік-экономикалық және саяси-заңдық шараларының кешенді бағдарламасымен айқындалатын саясаттың бағытын білдіреді.

Кеңес дәуіріндегі қылмыстық саясаттың кең мағынадағы түсіндіруге тоқтала отырып, Э.Ф. Побегайлоның пікірін келтіреміз. Бұл пікір бойынша, қылмыстық саясат қылмысқа қарсы күрес аясындағы мемлекеттік саясат болып табылады. Қылмыстық саясаттың әр алуан түрінің, оның ішінде қылмыстық-құқықтық саясаттың болуын ескере отырып, автор сонымен бірге «нақты өмірде қылмыстылыққа қарсы күрес аталған саясаттардың әрқайсысының мүмкіндіктерін пайдалана отырып кешенді түрде жүзеге асырылады», «әлеуметтік саясат бағыттарының бірі ретінде қылмыстық саясат бұл - қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясат» [2] деп атап өтті.

Мемлекеттің қылмыстық саясатты ұйымдастыру және жүргізу саласындағы

қағидатты ұстанымын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресті одан әрі ізгілендіруге, мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың дайындалатын теріс қылықтар мен қылмыстардың профилактикасы, олардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі жұмысын жандандыруға бағытталған нақты шараларды іске асыруға бағытын құрайды [3].

Ағымдағы жағдай. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құқықтық табиғатын зерттеп, ғылыми тұрғыда негіздеген жетекші ғалымдардың бірі, профессор Э.Н. Жевлаков экологиялық қылмыстылыққа келесідей түсінігін береді: «Адамзаттың биологиялық негіздерін бұзатын, белгілі аумақта не нақты облыста немесе мемлекеттік тарихи дамудың анықталған бір сатысындағы экологиялық қылмыстардың жиынтығынан тұратын сипаты бойынша жағымсыз, әрі теріс те күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс экологиялық қылмыстылық деп танылады» [4].

Экологиялық қылмыстылық деп экологиялық қылмыстардың, яғни адамның, халықтың, қоғамның, ұлттың экологиялық қауіпсіздігін және мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, адамды қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастарға қол сұғатын, қылмыстық заңға сәйкес тыйым салынған және жазаланатын қоғамдық қауіпті, кінәлі, құқыққа қарсы, қоршаған табиғи ортаға және адам денсаулығына зиян келтіретін іс-әрекеттердің күрделі жиынтығын түсінеміз.

Экологиялық қылмыстылыққа қарсы іс-қимылды нәтижелі жүзеге асыру үшін қылмыстылықтың себептерін де анықтаудың маңызы зор. Экологиялық қылмыстылықтың әлеуметтік себептеріне:

1) экологиялық құқық бұзушылықтардың адамдарға, қоғамға тигізетін қауіпін тиісті деңгейде бағаланбауы;

2) халықтың өмір сүру жағдайының нашарлауы, жұмыссыз адамдарың көбеюі, заңды тұлғалардың төлем қабілетсіздігі;

3) халыққа экологиялық тәрбие беру және білім беру деңгейінің төмендігі;

4) парықсыздық дәрежесінің жоғарылығы, заңдарды жетік білмеуі, сенімсіздігі, заңға толық бағынбауы;

5) мемлекеттің құқықтық және әлеуметтік саясатынан кеткен олқылықтарды жатқызуға болады.

Экологиялық қылмыстылықтың себептерінің бірі ретінде экологиялық құқық бұзушылықтарды ашуда, тергеуде, анықтауда және алдын алуда табиғат қорғау органдары мен құқық қорғау органдары қызметтерінің тиісті деңгейде үйлестірілмеуі. Мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың әлсіздігі мен ықпал ету шараларының тиімсіздігі құқық бұзушылықтардың көбеюіне алып келетіні белгілі.

Қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауы, экологиялық дағдарыстың жекелеген көріністерінің шиеленісуі, экологиялық қылмыстардың өсуі және олардың көптеген басқа елдер мен өңірлерде, сол сияқты Қазақстанға келтірген залалының ұлғаюы табиғи ресурстарды тұтыну ауқымының өсуімен және қоршаған ортаға теріс әсер етумен қатар оны қорғаудың жаңа құралдарын іздеуді талап етеді. Көптеген сала мамандары - экологтар, заңгерлер, саясаткерлер – осы салада арнайы тұжырымдамаларды жасауға және жүзеге асыруға тырысады. Әдетте, бұл саяси құралдардың көмегімен тұжырымдалған әртүрлі деңгейдегі мақсаттар және құқықтық, ұйымдастырушылық, қаржылық және басқа да іс-шаралардың әртүрлі топтарын қамтитын құралдар қарастырылған кешенді құжаттар. Олар жүйелі, келісілген және әртүрлі деңгейде жүзеге асырылуы тиіс. Оларды жүзеге асырудың тиімділігі көптеген факторларға байланысты: билік пен қоғамның экологиялық мәселелерді шешуге деген қызығушылығы, экономиканың мен экономикалық даму басымдықтарының тұрақтылығы, әскери және ұлтаралық қақтығыстардың болуы, құқықтық реттеуді жетілдіру, экологиялық саясаттың ғылыми негіздерін және оның жекелеген бағыттарын дамыту [5].

Айта кету керек, жоғарыда аталған жағдайлардың соңғысы жақында ғалымдар мен практиктердің назарын аудара бастады. Тоқсаныншы жылдардан бастап экологиялық саясаттың мақсаттары мен принциптеріне бірқатар арнайы зерттеулер жүргізілді; оның саясаттың басқа түрлерімен – қылмыстық-құқықтық, көлік, сауда, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы

және т.б. байланыстарын оңтайландыру бойынша бірқатар шаралар әзірленді, бірақ іс жүзінде әлі іске асырылмаған; экологиялық саясатты неғұрлым тиімді қамтамасыз ету үшін экономикалық құралдарды пайдаланудың заңнамалық мүмкіндіктері көзделген; қалдықтармен жұмыс істеу кезінде, заңдық жауапкершілік шараларын қолдану кезінде оны қалаларда іске асыру ерекшеліктерін ескеретін шаралар әзірленген. Қазіргі уақытта доктринада, заңда және практикада экологиялық саясаттың мазмұны мен құрылымы, оның жекелеген бағыттары, құқықтық және институционалдық негіздері, міндеттері мен оларға қол жеткізу құралдары туралы жеткілікті түрде тұтас түсінік қалыптасты деп айтуға болады. Сонымен бірге, экологиялық саясаттың кейбір элементтері оның құрамдас бөліктері ретінде, тұтастай алғанда экологиялық саясатқа әсері және оның жекелеген бағыттарының тиімділігі жеткілікті түрде танылмаған және дамымаған. Бірінші кезекте бұл қылмыстық-экологиялық саясатқа қатысты.

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-экологиялық саясат тұрақты қызметтің әртүрлі субъектілерінің қылмыстық және экологиялық заңнама шеңберінде жүзеге асыратын қылмыстық және экологиялық құқық деректеріне негізделген кешенді қызмет болып табылады. Құрылымдық жағынан құқықтық саясаттың басқа түрлеріне сияқты қылмыстық-экологиялық саясат бірқатар элементтерді қамтиды:

- қылмыстық-экологиялық саяси шешімдерді әзірлеу, қабылдау және іске асыру субъектілері, оның ішінде міндеттері қылмыстық-саяси шешімдерді әзірлеу және қабылдау не іске асыру болып табылатын заң шығарушылар, қоғамдық бірлестіктер, арнайы білім беру ұйымдары (мысалы, табиғат қорғау прокуратурасы, соттар) не оларды іске асыру жөніндегі ұйымдастыру қызметі (қоршаған ортаны қорғауды басқару органдары, экологиялық құқық бұзушылықтардың профилактикасын жүзеге асыратын және қоршаған ортаны қорғау саласындағы органдар);

- қылмыстық және экологиялық заңнама;
- қамтамасыз ететін ресурстар (қаржылық, материалдық және т.б.);
- экологиялық қылмыстарды анықтау, олардың жолын кесу және алдын алу

жөніндегі шаралар жиынтығы. Алайда, бұл элементтер, әдетте, қылмыстық-экологиялық саясатты оңтайландыру және оны іске асырудың тиімділігін арттыру міндетіне қатысты емес, заңнаманы, басқару жүйесін сипаттау кезінде қарастырылады.

Қорытынды. Қылмыстық-экологиялық саясаттың қалыптасуын әзірге аяқталған деп тануға болмайды: тұтастай алғанда және Қазақстанға қатысты қылмыстық-экологиялық саясат саясаттың тұрақты түрі ретінде әлі қалыптаспаған. Мұның себептері келесідей: экологиялық қылмыстың тез дамуы, соның ішінде қауіпті құқыққа қарсы мінез-құлықтың жаңа түрлерінің пайда болуы; көптеген жылдар бойы экологиялық қылмыстылыққа қарсы күресу міндеттері елеулі түрде орын алмады, бүгінде терроризмге, зорлық-зомбылыққа, сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстылықтың өзге де түрлеріне қарсы күрес жүргізу экологиялық қылмыстылыққа қарағанда басымыдыққа ие болды; экологиялық қылмыстылықтардың жолын кесу және алдын алу болып табылатын арнайы құрылымдарды ұйымдастыруға және олардың жұмысын әрі қарай жүргізуге қомақты қаражат жұмсауға дайын болмауы; Қазақстан мемлекеті мен Қазақстан Республикасы азаматтарының экономикалық және экологиялық салауаттылығы арасындағы байланыстардың мәнін тиісті деңгейде түсінбеу және экологиялық қылмыстылық пен одан келтіретін залалдың әсерін төмендетіп көрсету; тиісті ғылыми қамтамасыз етудің болмауы және т. б.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасында қылмыстық-экологиялық саясаттың жекелеген компоненттері соңғы жылдары өте қарқынды дамығанын мойындау керек. Бұл бірінші кезекте қылмыстық заңнамада өз көрініс тауып отыр.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық Кодексі экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен тиімді күресу үшін құқықтық негіз болып табылатын табиғатты қорғау нормаларының кең ауқымды жүйесін қамтиды. Құқықтық қорғау объектісінің біртектілігі мен маңыздылығына сүйене отырып, Қазақстанның қылмыстық заңнама тарихында алғаш рет 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің жүйесінде экологиялық қыл-

мыстардың құрамын анықтайтын нормалар топталған жеке тарауға бөлінді. Ал қазіргі Қылмыстық кодексте бұл өзінің жалғасын тапты.

2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодекстің 13 тарауы Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлеріне арналған. Бұл тарауда 20 қылмыстық құқық бұзушылық түрлері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы қылмыстық саясаты туралы әңгіме қозғағанда осы саладағы негізгі бағыттарды атау керек. Осы негізгі бағыттардың ішінде қылмыстық-құқықтық проблема ретінде қозғалатыны – ол криминализация және декриминализация мен пенализация және депенализация мәселесі [6].

Сөз болып отырған негізгі бағыттар ең алдымен ескі және жаңа қылмыстық заңды салыстыра талдау нәтижесінде көрініс табады. Енді 1997 және 2014 жылғы Қылмыстық кодекстегі экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қысқаша салыстырмалы зерттеу жүргізейік.

1997 жылдың 16 шілдесінде қабылданып, 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «өсімдіктер мен жануарлар дүниесі» әр тарауда, сәйкесінше әр түрлі тектік объектілердің аясында қарастырылған. Мысалға, «өсімдіктер дүниесі» мен «жануарлар дүниесі» тіркестері ҚР ҚК 161-бабында, 277-бабында, 278-баптың 2-бөлігінде, 279-баптың 2-бөлігінде, 281-баптың 1, 2-бөліктерінде, 283-баптың 2-бөлігінде, 286-баптың 2-бөлігінде кездеседі.

Ал 2014 жылы 03 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодексті қарайтын болсақ, «өсімдіктер дүниесі» мен «жануарлар дүниесі» деген тіркестер, тиісінше 324-бабында, 325-баптың 2-бөлігінде, 326-баптың 2-бөлігінде, 328-баптың 1, 2-бөліктерінде, 330-баптың 2-бөлігінде, 333-баптың 2-бөлігінде алынып тасталған [6].

2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодексте ескі заңнамада орын алған барлақ қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары көрініс тапты және жаңа екі қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жер қой-

науын өз бетінше пайдалану (334-бап), балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу (336-бап) [7] пайда болды.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін көзделген жазалардың шектеріне көз жүгіртсек, қолданыстағы заңнамада жазаның мөлшері мен мерзімдері қатаңдату жағына өзгерді деп айта алмаймыз. Себебі, кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жаза қатаңдату жағына өзгерсе, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін үшін керісінше жағдай орын алған.

Қорытындылай келе, экологиялық қылмыстылықпен күрес жүргізудің тиісті деңгейде жүргізілмеуінің себептерін бөліп көрсетуге болады: өндірісті ұйымдастыру мен басқарудағы кемшіліктер; халықтың экологиялық мәдениеті мен экологиялық санасы деңгейінің төмендігі; қауіпсіздік ережелерін сақтауда бақылаудың жетіспеушілігі; жазасыздық; құқықтық реттеудегі кемшіліктер; арнайы профилактикадағы және кінәлінің жазадан бұлтартпаушылықты қамтамасыз етудегі кемшіліктер; мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының өз қызметтерін тиісінше орындамауы; қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы басқару органдары қызметі тиімділігінің төмендігі; табиғатты қорғау жөніндегі қызметті жеткіліксіз қаржыландыру.

Осы аталған проблемаларды шешуді заң шығарушы экологиялық қылмыстар туралы заңнамаларды «жандандыруға» және оларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір жаңалықтар енгізуі арқылы жүзеге асыра алады. Біріншіден, қазіргі күнге дейін қылмыстық заңнамаларда көрініс таппаған экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесін енгізу қажет. Екіншіден, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін санкцияларды қатаңдату орынды болар еді. Үшіншіден, экологиялық қылмыстылықтармен күресу барысында мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың әрекеттерін үйлестіріп, қылмыстылықтың алдын алу шараларын кешенді түрде жүргізуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Белаев Н.А. Уголовное право на современном этапе. – С-Пб., 1992. – 608 с.
2. Побегайло Э.Ф. Кризис современной российской уголовной политики // Преступность уголовное законодательство: реалии, тенденции и взаимовлияние: Сб. научных трудов. – Саратов, 2004. - С. 87-88.
3. Нұртаев Р.Т., Қанатов А.Қ. Қазіргі заманғы Қазақстанның қылмыстық саясатының өзекті проблемалары // Вестник Института законодательства РК. - №4 (45). – 2016. – С. 102-110.
4. Жевлаков Э.Н. Общие вопросы квалификации преступлений в области охраны окружающей среды. – М., 1996. – 98 с.
5. Дубовик О.Л., Жалинский А.Э. Экологическая преступность в России: состояние, тенденции и средства борьбы. – М., 2010. – 352 с.
6. Жаксыбекова Ф.С. 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар: жаңа көзқарастар. // «Қылмыстық құқықтың криминологиялық негіздерін қалыптастыру мәселелері: тарихи және заманауи қырлары» профессор Жекебаев Үзіке Сүйкінбайұлының 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Астана, 03 наурыз 2017 ж. – Астана, 2017. - 92-94 бб.
7. Бакишев К.А. Экологические правонарушения в новом УК Республики Казахстан. // <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologicheskie-pravonarusheniya-v-novom-uk-respubliki-kazahstan/viewer>

REFERENCES

1. Belaev N.A. Uголовное право на современном этапе. – S-Pb., 1992. – 608 s.
2. Pobegajlo Je.F. Kpizis sovremennoj possijskoj ugovnoj politiki // Ppestupnost' ugovnoe zakonodatel'stvo: pealii, tendencii i vzaimovlijanie: Sb. nauchnyh tpudov. – Sapatov, 2004. - S. 87-88.
3. Нұртаев Р.Т., Қанатов А.Қ. Қазіргі заманғы Қазақстанның қылмыстық саясатының өзекті проблемалары // Vestnik Instituta zakonodatel'stva РК. - №4 (45). – 2016. – С. 102-110.
4. Zhevlakov Je.N. Obshhie vopposy kvalifikacii ppestuplenij v oblasti ohpany okpuzhajushhej spedy. – М., 1996. – 98 s.
5. Dubovik O.L., Zhalinskij A.Je. Jekologicheskaja ppestupnost' v Possii: sostojanie, tendencii i spedstva bop'by. – М., 2010. – 352 s.
6. Zhaksybekova F.S. 2014 zhylzy Қазақстан Respublikasynuң Kylmystyқ kodeksi bojynsha jekologijalyқ kylmystyқ құқық бұзushyлықтар: zhaңa көzқарастар. // «Kylmystyқ құқықтың kрiminologijalyқ negizderin қалыptastyru мәseleleri: tarihi zhәne zamanaui қырлары» professor Zhekebaev Yzike Syjkinбайұлының 90 zhyldyғyna арналған halyқаралық ғyлыми-tәzhiribelik konferencijanуң materialdary. Astana, 03 nauryz 2017 zh. – Astana, 2017. - 92-94 bb.
7. Bakishev K.A. Jekologicheskie ppavonapusheniya v novom UK Pespubliki Kazahstan. // <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologicheskie-pravonarusheniya-v-novom-uk-respubliki-kazahstan/viewer>